

Алматы облысы әкімдігінің 2017 жылғы 17 қарашадағы № 508 "Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамына кіретін спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына, сондай-ақ спорттың ойналатын түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (ұлттық құрама командалардың) құрамдарында қатысатын спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына және клубтық командалардың жетекшілеріне ай сайынғы ақшалай жабдықтылым төлемдерінің мөлшерін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Алматы облысы әкімдігінің 2021 жылғы 9 тамыздағы № 308 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылы 7 қыркүйекте № 24246 болып тіркелді

Алматы облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Алматы облысы әкімдігінің "Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамына кіретін спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына, сондай-ақ спорттың ойналатын түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (ұлттық құрама командалардың) құрамдарында қатысатын спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына және клубтық командалардың жетекшілеріне ай сайынғы ақшалай жабдықтылым төлемдерінің мөлшерін бекіту туралы" 2017 жылғы 17 қарашадағы № 508 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4405 тіркелген) қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген қосымша, осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Алматы облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны Алматы облысы әкімдігінің интернет-ресурсында оның ресми жарияланғаннан кейін орналастырылуын;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен кейін он жұмыс күні ішінде "Алматы облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында қарастырылған іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы облысының әкімі

А. Баталов

Алматы облысы әкімдігінің 2021 жылғы 9 тамыздағы № 308 қаулысына қосымша
 Әкімдіктің 2017 жылғы "17" қарашадағы № 508 қаулысына қосымша

Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамына кіретін спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына, сондай-ақ спорттың ойналатын түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (ұлттық құрама командалардың) құрамдарында қатысатын спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына және клубтық командалардың жетекшілеріне ай сайынғы ақшалай жабдықтық төлемдерінің мөлшері

№	Спорт түрлері, спорттың ойын түрлері бойынша жарыстардың жіктелуі	Төлемдерінің мөлшері (теңге)								
		Спортшылар			Жаттықтырушылар			Клубтық командалардың жетекшілері		
		1 орын	2 орын	3 орын	1 орын	2 орын	3 орын	1 орын	2 орын	3 орын
Олимпиадалық спорт түрлері										
1	Жазғы және қысқы Олимпиада, Сурдлимпиада және Паралимпиада ойындары	500 000	400 000	300 000	5 000	4 000	3 000	-	-	-
2	Азия, ПараАзия және СурдоАзия ойындары	250 000	200 000	150 000	2 500	2 000	1 500	-	-	-
3	Жазғы және қысқы Универсиада, Ислам ойындары	120 000	90 000	70 000	1 200	9 000	7 000	-	-	-
4	Жасөспірімдер Олимпиада ойындары	120 000	70 000	50 000	1 200	7 000	5 000	-	-	-
5	Ересектер арасында Әлем чемпионаты	250 000	200 000	150 000	2 500	2 000	1 500	-	-	-
6	Жастар арасында Әлем чемпионаты	100 000	80 000	50 000	1 000	8 000	5 000	-	-	-
7	Жасөспірімдер арасында Әлем чемпионаты	70 000	50 000	30 000	7 000	5 000	3 000	-	-	-
8	Ересектер арасында Азия чемпионаты	120 000	100 000	80 000	1 200	9 000	7 000	-	-	-
9	Жастар арасында Азия чемпионаты	70 000	50 000	30 000	7 000	5 000	3 000	-	-	-
10	Ересектер арасында Қазақстан Республикасының чемпионаты, ересектер арасында Қазақстан Республикасының Спартакиадасы	100 000	80 000	50 000	7 000	5 000	3 000	-	-	-
11	Олимпиада ойындарына лицензия	250 000						-	-	-
Олимпиадалық емес және ұлттық спорт түрлері										

1	Ересектер арасында Әлем чемпионаты	150 000	100 000	70 000	15 000	10 000	7 000	-	-	-
2	Жастар арасында Әлем чемпионаты	70 000	50 000	30 000	7 000	5 000	3 000	-	-	-
3	Жасөспірімдер арасында Әлем чемпионаты	50 000			5 000			-	-	-
4	Ересектер арасында Азия чемпионаты	100 000	70 000	50 000	10 000	7 000	5 000	-	-	-
5	Жастар арасында Азия чемпионаты	70 000			7 000			-	-	-
6	Ересектер арасында Қазақстан Республикасының чемпионаты	50 000			5 000			-	-	-
7	Қазақстан Республикасының "Қазақстан Барысы" турнирі	120 000	90 000	70 000	12 000	9 000	7 000	-	-	-
Паралимпиада және Сурдлимпиада спорт түрлері										
1	Ересектер арасында Әлем чемпионаты	150 000	100 000	70 000	15 000	10 000	7 000	-	-	-
2	Жастар арасында Әлем чемпионаты	100 000	70 000	50 000	10 000	7 000	5 000	-	-	-
3	Жасөспірімдер арасында Әлем чемпионаты	100 000	70 000	50 000	10 000	7 000	5 000	-	-	-
4	Ересектер арасында Азия чемпионаты	100 000	70 000	50 000	10 000	7 000	5 000	-	-	-
5	Жастар арасында Азия чемпионаты	70 000	50 000	30 000	7 000	5 000	3 000	-	-	-
6	Жасөспірімдер арасында Азия чемпионаты	70 000	50 000	30 000	7 000	5 000	3 000	-	-	-
7	Ересектер арасында Қазақстан Республикасының чемпионаты, Қазақстан Республикасының Спартакиадасы, Қазақстан Республикасының Паралимпиада ойындары, Қазақстан Республикасының Сурдлимпиадалық ойындары, Трансплантацияланғаннан кейін донорлық органдары бар тұлғалардың Спартакиадасы	70 000			5 000			-	-	-